

**2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 40 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 ақпанда № 3529 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Жаңаөзен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Жаңаөзен қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Р. Джантлеуова) қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. "Жаңаөзен қалалық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Т. Жумалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С. Танаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ә. Дауылбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жаңаөзен қалалық білім бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Т. Жумалиев \_\_\_\_\_

"29" қаңтар 2018 жыл

"Жаңаөзен қалалық экономика  
және қаржы бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

Р. Джантлеуова \_\_\_\_\_

"29" қаңтар 2018 жыл

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің  
2018 жылғы "29" қаңтар  
№ 40 қаулысына қосымша

## 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының орналасуы (қала, ауыл)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы					Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)					
		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны			Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құнының бір айдағы мөлшері (теңге)		Бала бақша	Мектеп жанын дағы толық күндік шағын-орталық	Дер бес толық күндік шағын-орталық	Бала бақша	Мектеп жанын дағы толық күндік шағын-орталық	Дер бес толық күндік шағын-орталық
		Бала бақша	Мектеп жанын дағы толық күндік шағын-орталық	Дер бес толық күндік шағын-орталық	Бала бақша	Мектеп жанын дағы толық күндік шағын-орталық						
1	қала	100	25	25	25671,20	24063,94	26703,81	11000	11000	11000		
		140	50	50	24505,91	24063,94	26703,81	11000	11000	11000		
		280	75	75	23890,22	24063,94	26703,81	11000	11000	11000		
		320		100	23890,22		25671,20	11000	11000	11000		
2	ауылдық жерлер	140		50	27544,81		29443,77	11000	11000	11000		
		280		75	26872,46		29443,77	11000	11000	11000		
		320		100	26872,46		28815,31	11000	11000	11000		